

«Логистика және көлік академиясы» Акционерлік қоғамы



**БЕКІТІЛДІ**  
Жаңа бағытымен кеңесінің шешімімен  
2023 ж. (№ 13 хаттама)  
Президент-Ректор  
Амиргалиева С.Н.

## БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Атауы: «8D07159 – КӨЛІК, КӨЛІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ  
ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»

Дайындау деңгейі: докторантура (PhD)

Дайындық бағытының коды және жіктелуі: 8D071 Инженерия және инженерлік іс

Білім беру бағдарламасының коды және тобы: D104 – Көлік, көлік техникасы және технологиялары

Реестрге тіркелген күні: 25.02.2021

Тіркеу нөмірі: 8D07100088

Алматы, 2023 ж.

## МАЗМҰНЫ

1. Бағдарламаны дайындаушылар мен сарапшылар туралы мәліметтерді қарау, келісу және бекіту	3
2. Нормативтік сілтемелер	5
3. Білім беру бағдарламасының паспорты	6
4. Түлектің құзыреттілік моделі	7
5. Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерінің оқу пәндерімен/модульдерімен ара қатынасының матрицасы	13
6. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша докторантураның білім беру бағдарламасының құрылымы	14
7. Оқудың барлық мерзіміне арналған жұмыс оқу жоспары	15
8. ЖОО компоненті пәндерінің каталогы	16
9. Таңдау бойынша компоненті пәндерінің каталогы	19
10. Сараптамалық қорытындылары	21
11. Рецензенттің қорытындысы	23
12. Қарау және бекіту хаттамалары	24
13. Келісу парағы	30
14. Өзгерістерді тіркеу парағы	31




**4 ҚАРАСТЫРЫЛДЫ ЖӘНЕ ҰСЫНЫЛДЫ:**

«Жылжымалы құрам»  
АК (кафедраның) отырысы  
№ 1 хаттама «14» наурыз 2023 ж.




Аширбаев Ғ.Қ.

ОӘБ-СҚК отырысы  
«Көлік инженериясы»  
№ 7 хаттама «15» наурыз 2023 ж.



Чигамбаев Т.О.

ОӘК отырысы  
№ 4а хаттама «29» наурыз 2023 ж.



Жармагамбетова М.С.

**5 ЛКА Ғылыми Кеңесінің шешімімен БЕКІТІЛГЕН.**  
№ 13 Хаттама "30" наурыз 2023 г.

**6 ЕНГІЗІЛДІ: 07.08.2023 ж.**

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленді:

1. "Білім беру туралы" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III Заңы (2021 жылы 08 қаңтарда өзгерістермен толықтырулар енгізілген).

2. Ұлттық біліктілік шеңбері - әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік реттеу және еңбек қатынастары жөніндегі республикалық үшжақты комиссияның 2016 жылғы 16 наурыздағы хаттамасымен бекітілген.

3. "Білім" саласындағы салалық біліктілік шеңбері- Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік реттеу және еңбек қатынастары жөніндегі салалық комиссиясы отырысының 2019 жылғы 27 қарашадағы № 3 хаттамасымен бекітілген.

4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 ақпандағы № 66 бұйрығы).

5. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 309 бұйрығымен бекітілген басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығы.

6. ҚР БҒМ министрінің 20.04.2011 ж. № 152 бұйрығымен бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары (2023 жылғы 04 сәуірдегі № 145 толықтырулар мен өзгерістермен).

7. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының классификаторы (2020 жылы 05 маусымда өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).

8. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 4 желтоқсандағы № 665 бұйрығымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары тізіліміне білім беру бағдарламаларын енгізу және алып тастау алгоритмі (2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 536 жағдай бойынша толықтырулар мен өзгерістермен).

9. ЖН-ЛКА-33 "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламасын әзірлеу тәртібі туралы ереже".

10. Қазақстан Республикасы Білім Министрінің міндетін атқарушының 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығымен бекітілген "Педагог" кәсіби стандарты.

### 3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

№	Жолдың атауы	Ескертпе
1	Тіркеу нөмірі	8D07100088
2	Білім беру саласындағы коды және жіктелуі	8D07 Инженерлік, өңдеуші және құрылыс салалары
3	Даярлау бағыттарының коды және жіктелуі	8D071 Инженерия және инженерлік іс
4	Білім беру бағдарламалардың коды және тобы	D104 - Көлік, көлік техникасы және технологиялары
5	Білім беру бағдарламасының атауы	8D07159 - Көлік, көлік техникасы және технологиялары
6	ББ түрі	Жаңа
7	ББ мақсаты	Көлік кешені үшін күрделі өндірістік және ғылыми процестерді басқаруға және көлік техникасы мен технологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер, болжау және бағалау әдістері негізінде инновациялық идеяларды генерациялауға қабілетті ғылыми-педагогикалық және басқару кадрларын даярлау.
8	БХСЖ бойынша деңгейі	8 - Докторантура
9	ҰБШ бойынша деңгейі	8 - Докторантура
10	СБШ бойынша деңгейі	8 - Докторантура
11	ББ айырмалық ерекшеліктері	Жоқ
	Серіктес-ЖОО (СОП)	-
	Серіктес-ЖОО (ДДОП)	-
12	Білім беру түрі	күндізгі
13	Білім беру тілі	Қазақша, орысша
14	Кредиттер көлемі	180
15	Берілетін академиялық дәрежесі	«8D07159 - Көлік, көлік техникасы және технологиялары» білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
16	Кадрларды даярлауға бағытта лицензияға қосымшаның бар болуы	KZ12LAA00025205 (003)
17	ББ аккредиттелуінің бар болуы	Бар
	Аккредиттеу органының атауы	АЖРТА
	Аккредиттеудің әрекет ету мерзімі	27.05.2021 - 26.05.2026

#### **4. ТҮЛЕКТІҢ ҚҰЗЫРЕТТІЛІК МОДЕЛІ**

**Білім беру бағдарламасының мақсаты:** Көлік кешені үшін күрделі өндірістік және ғылыми процестерді басқаруға және көлік техникасы мен технологиялар саласындағы ғылыми зерттеулер, болжау және бағалау әдістері негізінде инновациялық идеяларды генерациялауға қабілетті ғылыми-педагогикалық және басқару кадрларын даярлау.

##### **Білім беру бағдарламаның міндеттері:**

1. Бітіруші түлек қабілетінің қалыптасуына көмек:
  - 1) шынайы даму немесе пікірлерді қолданудың негізі немесе мүмкіндігі болып табылатын, көбінесе, ғылыми зерттеу саласында, жоғары білім беру деңгейінде алған дамытушылық білімдері мен түсінігін ұсыну;
  - 2) зерттеу саласымен байланысты, және одан кеңірек немесе сала аралық жаңа немесе таныс емес проблемаларды түсіну және шешу қабілеті, білімін қолдану;
  - 3) пікірін ескере отырып, ақпарат және әлеуметтік жауапкершілік қолдану үшін толық емес немесе шектеулі еді және интегралдау білім негізінде осы тұжырым мен білімін этикалық бастап шығару;
  - 4) өзінің тұжырымдары мен білімін нақты және түсінікті жеткізу және оларды мамандар мен маман еместерге негіздеу;
  - 5) өз бетінше білімін жалғастыру;
  - 6) ғылыми зерттеудің кешендік үдерісін жоспарлау, әзірлеу, іске асыру және түзету;
  - 7) аталған салада қолданылатын зерттеулердің әдістерін және қолынан келетін шеберліктерін, зерттеу саласындағы жүйелі түсінігін ұсына алу;
  - 8) жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;
  - 9) өздігінен ғылыми ізденістер жүргізу, өзінің білім мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамға және кең ауқымды қоғамға жеткізе алу.
2. Бітіруші түлек дайындығының қалыптасуына көмек:
  - 1) нәтижелерді тәжірибеде қолдану, өз бетінше дамуға ұмтылу, өзінің біліктілігі мен шеберлігін жоғарылату;
  - 2) кәсіби стандарт және білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес ғылыми-зерттеу және кәсіби міндеттерді өз бетінше орындау.

##### **Оқыту нәтижелері (ОН):**

ОН1 – Әр түрлі деңгейдегі басылымдарда өзіндік ғылыми-зерттеу жұмыстарын орындау кезінде әр түрлі жанрдағы академиялық және ғылыми мәтінді тұжырымдау.

ОН2 – Ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерінің көмегімен теориялық, эксперименттік және қолданбалы есептерді шешу.

ОН3 – Көлік техникасы мен технологиялар саласындағы инновациялар мен ғылыми жетістіктерді талдау, болжау және бағалау негізінде жаңа білім мен технологияларды синтездеу.

ОН4 – Экономикалық тиімділігі мен ресурс - және энергия үнемдеу қағидаттары негізінде көлік техникасын пайдалану және жөндеудің өндірістік процестерін басқару саласында шешімдер қабылдау.

ОН5 – Көлік техникасын жобалау, өндіру, пайдалану және жөндеу саласындағы өзекті мәселелерді шешудің оңтайлы нұсқаларын әзірлеу.

##### **Негізгі кәсіби құзыреттіліктері:**

Білім беру бағдарламасын игергеннен кейін докторант қабілетті болады:

1) көлік техникасының құрылымын, пайдалану технологиясын, техникалық қызмет көрсетуін, жөндеуді және жаңаландыруды оның экономикалық тиімділігін, қауіпсіздігін және сенімділігін жетілдіруде қолданылатын біліктілік шеберлігі мен зерттеу әдістерін игеру саласындағы жүйелі түсінігін ұсыну;

2) ғылыми зерттеудің кешендік үдерісін жоспарлау, әзірлеу, іске асыру және түзету

3) ұлттық және қалықаралық деңгейде еңбегі сіңетін мақалаларымен ғылыми саланының аясын кеңейтуде өзіндік бірегей зерттеулерімен еңбек сіңіру;

4) жаңа және кешенді идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;

5) өзінің білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамға және кең ауқымды қоғамға жеткізу;

б)білімге негізделген қоғамның дамуына үлес қосу.

**Кәсіби қызметінің саласы:** жер беті көлігі қозғалыс теориясының байланыстары мен заңдылықтарын, есептеулерді, жобалауды, сынауды және пайдалануды бүгінде бар техниканың үлгілерін жаңасын жасау және жетілдіру бойынша міндеттерді шешу мақсатында зерттелетін ғылым мен техника бөлімдері; жоғары және орта кәсіби білім беру.

**Кәсіби қызметтің нысандары:** мемлекеттік және білім беру мекемелерінің органдары, ұлттық және салалық ғылым академиялары, ғылыми ұйымдар, ғылыми-зерттеу институттары, зерттеу университеттері, жоғары оқу орындарының ғылыми зертханалары, тәжірибелік-конструкторлық бюро, ұжымдық қолданыстағы зертханалар, ғылыми және (немесе) ғылыми техникалық қызметі негізгі қызмет түрі болып табылатын ұйымдардың ғылыми-зерттеу бөлімдері; көлік, көлік техникасы және көлік-коммуникациялық кешен.

#### **Кәсіби қызметтің түрлері:**

- ғылыми-зерттеу;
- ғылыми -педагогикалық;
- өндірістік-технологиялық;
- ұйымдастыру-басқарушылық;
- жобалау – технологиялық.

#### **Кәсіби қызметтің функциялары:**

- 1) ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жоспарлау;
- 2) ғылыми-зерттеу және эксперименттік-зерттеу жұмыстарын орындау;
- 3) оқытушылық: оқыту ақпаратын шығарады, өз бетінше білім алуға үйретеді;
- 4) тәрбиелеушілік: әлеуметтік құндылықтар жүйесіне білім алушыларды біріктіреді;
- 5) әдістемелік: білім беру үдерісін әдістемелік қамсыздандыруды іске асырады;
- б) әлеуметтік-коммуникациялық: кәсіби қоғаммен және білім берудің барлық қызықты жақтарымен өзара әрекеттесуді іске асырады.

#### **Маман қызметтерінің тізімі:**

- ғылыми қызметкер;
- профессор, қауымдасқан профессор, доцент, аға оқытушы;
- білім беру менеджері;
- зерттеуші;
- конструктор, көлік және көлік техникасын дайындау, жөндеу, және пайдалану бойынша өндірістік кәсіпорындардың зауыттардың әр түрлі учаскесінің жетекшісі.



**Оқу аяқталғанда алынатын кәсіби сертификаттары:** қарастырылмаған.

**Алдағы білімінің деңгейіне қойылатын талаптар:** ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратура.

Ғылыми-педагогикалық докторантураның білім беру бағдарламасы практикалық жұмыстың екі түрін қамтиды:

- педагогикалық практика-білім беру ұйымында;
- зерттеу практикасы-диссертацияны орындау орны бойынша.

#### **Зерттеу практикасы.**

Зерттеу практикасы-докторанттың теориялық-әдіснамалық дайындығын тереңдетуге және жүйелеуге, оның ғылыми-зерттеу қызметінің технологиясын практикалық игеруге, PhD докторын даярлау деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес ғылыми-эксперименттік жұмысты орындаудың практикалық дағдыларын игеруге және жетілдіруге бағытталған ғылыми-зерттеу қызметінің түрі.

Білім алушылардың зерттеу практикасы отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен, ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерімен, эксперименттік деректерді өңдеу және интерпретациялаумен танысу мақсатында жүргізіледі. Зерттеу тәжірибесінің мазмұны диссертациялық зерттеу тақырыбымен анықталады.

Докторанттың зерттеу практикасы оқу орны бойынша немесе докторлық диссертация тақырыбына байланысты зерттеулер жүргізу үшін эксперименттік алаңдар ретінде қарастырылуы мүмкін ғылыми ұйымдарда жүргізіледі. Практика барысында докторанттарға докторлық диссертацияның міндеттерін ескеретін алдын ала әзірленген бағдарлама бойынша эксперименттік зерттеулер жүргізу мүмкіндігі беріледі.

#### **Педагогикалық практика.**

Докторанттардың педагогикалық практикасы болашақ оқытушылардың практикалық дайындығы болып табылады, Педагогтің кәсіби қызметіне барынша жақын жағдайларда жүргізіледі. Педагогикалық практика функционалдық құзыреттілікті қалыптастыруға, кәсіптік және білім беру салаларындағы міндеттерді орындау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Педагогикалық практика процесінде болашақ оқытушылардың кәсіби және жеке дамуы жандандырылады. Практика барысында докторанттар білім алушылар тобымен бірге білім беру қызметінің жоспарын жасайды және іске асырады, бейіндік пәндер мазмұны базасында оқу процесінің аяқталған кезеңін көрсететін сабақтар жүйесін әзірлейді және өткізеді, қазіргі заманғы технологиялар мен оқыту әдістемелерін меңгергендігін көрсетеді.

#### **Педагогикалық практиканың мақсаты:**

- жалпы ғылыми, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік, базалық және бейіндеуші пәндер бойынша білімді бекіту және тереңдету;;
- теориялық білім негізінде педагогикалық біліктерді, Дағдылар мен құзыреттерді қалыптастыру.

Педагогикалық практика бағдарламасын кафедра әзірлейді және оны логистика және көлік академиясының президенті-ректоры бекітеді.

Педагогикалық практика бағдарламасы білім алушыларда кәсіби маңызды дағдыларды қалыптастыруға және негізгі құзыреттерді қалыптастыруға бағытталуы керек:

- оқыту мен тәрбиелеу процесінің негізгі компоненттерін жоспарлау, болжау, талдау;
- оқушылардың оқу-танымдық, еңбек, қоғамдық, табиғатты қорғау, сауықтыру, ойын және басқа да іс-әрекеттерін ұйымдастыру мен іске асырудың әртүрлі нысандары мен

әдістерін қолдану;

- оқушылардың даму ерекшеліктерін ескере отырып, оқу және тәрбие жұмысы барысында оларға жеке көзқарасты жүзеге асыру;

- педагогикалық үдеріс жағдайының педагогикалық диагностикасын жүргізу.

Кәсіптік орта, жоғары білім беретін білім беру ұйымдары педагогикалық практика базалары болып табылады.

Педагогикалық практиканың ұзақтығы 8D071 – Инженерия және инженерлік іс мамандарын даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламасының оқу жоспарымен анықталады.

#### **Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДФЗЖ).**

ДФЗЖ-ны апталармен жоспарлау докторанттың апта ішіндегі жұмысының нормативтік уақытына қарай айқындалады. Нақты академиялық кезеңде ДФЗЖ орындауға бөлінетін кредиттер саны 8D071 – Инженерия және инженерлік іс кадр даярлау бағыты бойынша кәсіптік білім беру бағдарламасының жұмыс оқу жоспарымен айқындалады.

ДФЗЖ тиіс:

1) докторлық диссертация қорғалатын докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкес келуі;

2) өзекті болуға және ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты қамтуға тиіс;

3) ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделуге тиіс;

4) компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістеріне негізделуі;

5) ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып орындалуға тиіс;

6) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерін қамтуға тиіс.

Докторлық диссертацияны орындау ДФЗЖ кезеңінде жүзеге асырылады.

ДФЗЖ шеңберінде докторанттың жеке жұмыс жоспарында инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен танысу үшін ғылыми ұйымдарда және (немесе) тиісті салалардың немесе қызмет салаларының ұйымдарында **шетелдік ғылыми тағылымдамадан міндетті өту көзделеді.**

Ғылыми-зерттеу жұмысының мақсаты-процестерді ғылыми тұрғыдан тану әдіснамасын меңгерген және қазіргі заманғы өндіріс проблемаларын зерттеуде ғылыми әдістерді қолдануға қабілетті докторантты дайындау, оның ғылыми-зерттеу қызметінің қорытынды нәтижесі докторлық диссертацияны жазу және сәтті қорғау болып табылады.

Ғылыми-зерттеу жұмысының міндеттері:

- кең іргелі білімі бар, заманауи формацияның жоғары білікті мамандарын дайындау;

- докторанттардың теориялық тұжырымдамаларды практикалық тұрғыда іске асыру мақсатында және кейіннен халықаралық деңгейде апробациялай отырып, оларды сыни талдау және меңгеру қабілеттері мен дағдыларын дамыту;

- докторанттардың кәсіби өсу және өзін-өзі дамыту қабілеттерін, олардың белсенді өмір сүруі барысында жаңа білімдерді өз бетінше шығармашылық игеру дағдыларын қалыптастыру.

Докторлық бағдарламаны игеру нәтижесінде түлектер кәсіби ғылыми-зерттеу жұмысының келесі түрлері мен міндеттерін орындауға дайын болуы керек:

- зерттеу саласын жүйелі түсінуді, осы салада қолданылатын зерттеу біліктері мен әдістері бөлігіндегі шеберлікті көрсету;

- ғылыми зерттеулердің кешенді процесін жоспарлау, әзірлеу, іске асыру және түзету;

- ұлттық немесе халықаралық деңгейде жариялауға лайық болуы мүмкін ғылыми

саланың шекарасын кеңейтуге өзінің түпнұсқа зерттеулерімен үлес қосу;

- жаңа және күрделі идеяларды сыни талдау, бағалау және синтездеу;

- өз білімі мен жетістіктерін әріптестеріне, ғылыми қоғамдастыққа және қалың жұртшылыққа хабарлау;

- білімге негізделген қоғамның дамуына ықпал ету.

**Шетелдік ғылыми тағылымдама** келесі мақсаттарда өткізіледі:

- докторлық диссертация міндеттерін орындау;

- инновациялық технологиялармен және өндірістің жаңа түрлерімен таныстыру;

- отандық және шетелдік ғылымның жаңа теориялық, әдіснамалық және технологиялық жетістіктерімен танысу;

- ғылыми зерттеулердің, эксперименттік деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи әдістерімен танысу;

- оқыту процесінде алынған теориялық білімді, оқытылатын мамандық бойынша практикалық дағдыларды, құзыреттер мен кәсіби қызмет тәжірибесін игеруді, сондай-ақ озық шетелдік тәжірибені игеруді бекіту.

**ДФЗЖ қойылатын талаптар:**

1) докторлық диссертация қорғалатын докторантураның білім беру бағдарламасының негізгі проблематикасына сәйкестігі;

2) өзекті және ғылыми жаңалық пен практикалық маңыздылықты қамтиды;

3) ғылым мен практиканың заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделеді;

4) компьютерлік технологияларды пайдалана отырып, деректерді өңдеу мен түсіндірудің заманауи әдістеріне негізделеді;

5) ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістерін пайдалана отырып орындалады;;

6) негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерден тұрады.

Академия бағдарламаның ғылыми - зерттеу бөлімі бойынша докторантты даярлауға қойылатын арнайы талаптарды анықтайды. Арнайы талаптарға мыналар жатады:

- білімді тұрақты жаңарту және қоғамды жаңғырту жағдайында ғылыми және басқару қызметі саласындағы білім;

- мәселелер мен пәндер бойынша өзіндік ғылыми-зерттеу қызметін жүргізу;

- заманауи техникалық құралдарды пайдалана отырып, ақпаратты практикалық өңдеу және беру білігі;

- елдің техникалық және ғылыми даму бағыттарын болжай білу;

- техника және технологиялар саласында тиімді шешімдер қабылдау үшін қажетті заманауи мамандандырылған Дағдылар мен әдістерді меңгеру.

ДФЗЖ негізгі мазмұны докторанттың жеке жұмыс жоспарында көрсетіледі.

**ДФЗЖ мазмұны.**

Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы мынадай нысандарда жүзеге асырылуы мүмкін:

- бекітілген ғылыми-зерттеу жұмысының жоспарына сәйкес ғылыми кеңесшінің тапсырмаларын орындау ; ;

- кафедраның ғылыми-зерттеу жұмысына қатысу;

- Академия, кафедра өткізетін ғылыми және ғылыми-әдістемелік семинарларға қатысу;;

- компьютерлік технологияларды қолдана отырып, деректерді өңдеу мен интерпретациялаудың заманауи әдістерін қолдану;

- жобалық құжаттарды және ғылыми зерттеудің пәндік саласына байланысты өзге де

ережелерді әзірлеуге қатысу;

- ғылыми зерттеулерге, оның ішінде бірлескен ғылыми жобалар мен бағдарламаларға қатысу;

- докторлық диссертацияны дайындау және қорғау.

Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу нысандары докторлық бағдарламаның ерекшелігіне, докторлық диссертациялардың тақырыптарына байланысты нақтылануы және толықтырылуы мүмкін.

Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына мыналар кіреді:

- ғылыми-зерттеу жұмысы;

- көшпелі ғылыми іссапарлар (оның ішінде ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысу, шетелдік ғылыми консультанттың базалық жоғары оқу орнында тағылымдамадан өту);

- ғылыми жарияланымдар;

- докторлық диссертация жазу.

### **ДҒЗЖ шеңберінде шетелдік ғылыми тағылымдаманы ұйымдастыру.**

Шетелдік ғылыми тағылымдама PhD докторларын даярлау кезінде маңызды құрамдастардың бірі болып табылады және академиялық күнтізбемен және докторанттың жеке жұмыс жоспарымен айқындалатын мерзімдерде ДӨИ-ге сәйкес іске асырылады.

Шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту мерзімін Академия дербес айқындайды. Шетелдік ғылыми тағылымдамадан өту, әдетте, докторантурада оқудың екінші жылында жоспарланған.

Докторанттың шетелдік ғылыми тағылымдамасы Білім және ғылым саласындағы ынтымақтастық туралы келісімдер мен меморандумдар шеңберінде шет елдердің кәсіпорындарымен/ұйымдарымен/мекемелерімен, жоғары оқу орындарымен және ғылыми ұйымдарымен және жетекші ғалымдарымен жасалатын шарттар негізінде, сондай-ақ білім беру және ғылыми ұйымдардан дербес шақырулар негізінде жүргізіледі.

Алмасу бағдарламалары, оның ішінде қос диплом бағдарламалары, шетелдік университеттермен және ұйымдармен бірлескен білім беру бағдарламалары бойынша оқытудан өту шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге теңестіріледі.

Докторанттардың шетелдік тағылымдамасы шетелдік консультанттың жұмыс орны бойынша жақын немесе алыс шетел ЖОО-да және/немесе ірі зерттеу орталығында диссертациялық зерттеу шеңберінде онымен келісілген мерзімде жүзеге асырылады.

Шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтпеген жағдайда докторант қорытынды аттестаттауға жіберілмейді.

**Докторантты қорытынды аттестаттау** докторлық диссертация жазу және қорғау нысанында өткізіледі.

**Докторантты қорытынды аттестаттаудың** мақсаты докторанттың ғылыми-теориялық және зерттеу-талдау деңгейін, қалыптасқан кәсіби және басқарушылық құзыреттерін, кәсіби міндеттерді өз бетінше орындауға дайындығын және оның дайындығының докторантураның білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкестігін бағалау болып табылады.

Қорытынды аттестаттауға білім беру бағдарламасының, жұмыс оқу жоспарының және жұмыс оқу бағдарламаларының талаптарына сәйкес білім беру процесін аяқтаған, сондай-ақ диссертациялық зерттеу нәтижелері бойынша алдын ала қорғаудан (кеңейтілген отырыстан) өткен білім алушылар жіберіледі.

**5. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІНІҢ  
ОҚУ ПӘНДЕРІМЕН/МОДУЛЬДЕРІМЕН АРАҚАТЫНАСЫНЫҢ МАТРИЦАСЫ**

№	Пәннің атауы	Кредиттер саны	Білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелерін оқу пәндерімен салыстыру матрицасы				
			ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5
1	2	3	4	5	6	7	8
1	Академиялық хат	4	+				
2	Ғылыми зерттеу әдістері	6		+	+		
3	Педагогикалық практика	10					
4	Көлік техникасының динамикалық үдерістерін математикалық модельдеу	5			+		+
5	Патенттану және зияткерлік меншікті қорғау негіздері	5		+			+
6	Ғылыми эксперименттердің негіздері	5		+	+		
7	Көлік техникасының бөлшектері мен тораптарының жұмыс қабілетін қалпына келтіруді бағалау әдістері	5				+	+
8	Поездар қозғалысын басқаруды оңтайландыру	5				+	+
9	Зерттеу практикасы	10			+	+	+
10	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы	123		+		+	+
11	Қорытынды аттестаттау	12	+	+	+	+	+

**6. ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БАҒЫТ БОЙЫНША ДОКТОРАНТУРАНЫҢ  
БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ**

№ п/п	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	Теориялық оқыту	1350	45
1.1	Базалық пәндер циклі (БП) 1) Академиялық хат 2) Ғылыми зерттеу әдістері		
1)	ЖОО компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Педагогикалық практика	Кемінде 300	Кемінде 10
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі (БП)		
1)	ЖОО компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Зерттеу практикасы	Кемінде 300	Кемінде 10
2	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДҒЗЖ)	3690	123
1)	Тағылымдамадан өтуді және докторлық диссертацияны орындауды қамтитын докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы		
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	360	12
1)	Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	360	12
	Барлығы	Кемінде 5400	Кемінде 180

## 7. ОҚУДЫҢ БАРЛЫҚ МЕРЗІМІНЕ АРНАЛҒАН ОҚУ ЖОСПАРЫ

"Логистика және көлік академиясы" АҚ

Оқу түрі: күндізгі

УЧЕБНЫЙ ПЛАН

Дайындық бағыты: 8D071 Инженерия және инженерлік Іс

Оқу мерзімі: 3 жыл

Білім беру бағдарламаларының тобы:

D104 - Көлік, көлік техникасы және технологиялары

Білім беру бағдарламасының атауы:

8D071S9 - Көлік, көлік техникасы және технологиялары

Қабылдау: 2023 жыл

Дәрежесі: философия докторы PhD



№	Пәнің коды	Циклдер мен пәндердің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы		Бақылау түрі, семестр		Оқу жүктемесінің көлемі, байланыс сағаттары						Семестрлер бойынша таратылуы						Кафедраға бекітілуі
			академиялық сағаттар	инженерлік сағаттар	Емтхан	КЖ	Барлық сағаттар	Аудиториялық		БӨЖ		1 жыл		2 жыл		3 жыл			
								дәрістер	практикалық	зертханалық	ОЖБЖ	БӨЖ	1 сем.	2 сем.	3 сем.	4 сем.	5 сем.	6 сем.	
4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20			
<b>1 БАЗАЛЫҚ ПӘНДЕР (БП) ЦИКЛІ</b>																			
1.1	ЖОО компоненті:		600	20	4	0	600	30	60	15	16	179	10	10	0	0	0	0	
1.1.1	23-0-D-VK-AP	Академиялық хат	120	4	1		120		45		8	67	4					ТД	
1.1.2	23-0-D-VK-MNI	Ғылыми зерттеу әдістері	180	6	1		180	30	15	15	8	112	6					ЖҚ	
1.1.3	23-0-D-VK-PedPr	Педагогикалық практика	300	10	2		300						10					ӨТТБДТ	
1.2	Таңдау компоненті:		150	5	1	0	150	30	15	0	8	97	5	0	0	0	0	0	
1.2.1	23-59-D-KV-MMDPTT	Көлік техникасының динамикалық үдерістерін математикалық модельдеу	150	5	1		150	30	15		8	97	5					ЖҚ	
	23-59-D-KV-OPZIS	Патенттану және зияткерлік меншікті қорғау негіздері																ЖҚ	
<b>БП циклі бойынша БАРЛЫҒЫ:</b>			<b>750</b>	<b>25</b>			<b>750</b>	<b>60</b>	<b>75</b>	<b>15</b>	<b>24</b>	<b>276</b>							
<b>2 КӘСІПТЕНДІРУ ПӘНДЕР (КП) ЦИКЛІ</b>																			
2.1	ЖОО компоненті:		450	15			450	15	30	0	8	97	5		10				
2.1.1	23-59-D-VK-ONE	Ғылыми эксперименттердің негіздері	150	5	1		150	15	30		8	97	5					АКЖӨТК	
2.1.2	23-0-D-VK-IsPr	Зерттеу тәжірибесі	300	10	3		300							10				АКЖӨТК, ЖҚ	
2.2	Таңдау компоненті:		150	5	1	0	150	30	15	0	8	97	5	0	0	0	0	0	
2.2.1	23-59-D-KV-MOVRDUTT	Көлік техникасының бөлшектері мен тораптарының жұмыс қабілетін қалпына келтіруді бағалау әдістері	150	5	1		150	30	15		8	97	5					ЖҚ	
	23-59-D-KV-OU DP	Поездар қозғалысын басқаруды оңтайландыру																ЖҚ	
<b>КП циклі бойынша БАРЛЫҒЫ:</b>			<b>600</b>	<b>20</b>			<b>600</b>	<b>45</b>	<b>45</b>	<b>0</b>	<b>16</b>	<b>194</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>10</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	
<b>ТЕОРИЯЛЫҚ ОҚУ КУРСЫ (ТОК) БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫСЫ:</b>			<b>1350</b>	<b>45</b>			<b>1350</b>	<b>105</b>	<b>120</b>	<b>15</b>	<b>40</b>	<b>470</b>	<b>25</b>	<b>10</b>	<b>10</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	<b>0</b>	
3	23-0-D-VK-NIRD	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, оның ішінде тағалымдамадан өту және докторлық диссертацияны орындау	3690	123									5	20	20	30	30	18	
4	23-0-D-VK-IA	КОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУ: Докторлық диссертация жазу және қорғау	360	12														12	
<b>БҮТКІЛ ОҚУ КЕЗЕҢІ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:</b>			<b>5400</b>	<b>180</b>									<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	<b>30</b>	
<b>КОСЫМША ОҚУ ТҮРЛЕРІ (ҚОТ):</b>																			
5	КОСЫМША ОҚУ ТҮРЛЕРІ (ҚОТ):																		

КЕЛІСІЛДІ:

АҚ проректоры Жармағамбетова М.С.

АССД директоры Липская М.А.

ӘЗІРЛЕНДІ:

"Көлік инженериясы" институтының директоры

Чигамбаев Т.О.

"АКЖӨТК", кафедрасының меңгерушісі

Шингисов Б.Т.

"Жылжымалы құрам" кафедрасының меңгерушісі

Аширбаев Г.К.

## 8. ЖОО КОМПОНЕНТІ ПӘНДЕРІНІҢ КАТАЛОГЫ

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ: 8D07159 – КӨЛІК, КӨЛІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

**Білім деңгейі: докторантура**

**Оқу мерзімі: 3 жыл**

**Қабылдау жылы: 2023 ж.**

Циклі	Компоненті	Пәннің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы		Семестр	Оқыту нәтижелері	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Постреквизиттер
			академиялық сағаттармен	академиялық кредиттермен					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
БП	ЖООК	Академиялық хат	120	4	1	ОН1	Пәнді игерудің мақсаты: академиялық және ғылыми мәтіндерді ресімдеуге қойылатын құрылымдық ерекшеліктер мен талаптарды меңгеру. Ақпаратты рефераттау және қысқаша баяндау, библиографиялық шолу жазу дағдыларын жетілдіру. Жалпы жұртшылықтың ғылыми жетістіктері туралы хабарлау және халықаралық деңгейдегі басылымдарда жариялау үшін ғылыми мақалалар жазу қабілеті.	Магистратура пәндері	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестациясы, зерттеу практикасы
БП	ЖООК	Ғылыми зерттеу әдістері	180	6	1	ОН2, ОН3	Пән көлік ғылымы саласындағы проблемаларды ғылыми зерттеудің теориялық және қолданбалы әдістерін зерттейді, ғылыми қызметтің мазмұны, оның әдістері мен білім формалары туралы терең түсініктер қалыптастырады. Оқытудың нақты мақсаттары, процестер мен құбылыстарды талдаудың теориялары мен тәсілдері тұжырымдалған; жаңа жағдайда зерттеу мәселелерін шешу үшін осы пән бойынша алынған интеграцияланған білім.	Магистратура пәндері	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, қорытынды аттестациясы, зерттеу практикасы



1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
КП	ЖООК	Ғылыми эксперименттердің негіздері	150	5	1	ОН2, ОН3	Келесі модульдерден тұрады: математикалық модельдеу және эксперименттерді математикалық жоспарлау; эксперименттік деректер мен эксперименттер нәтижелерін талдау; эксперименттер нәтижелерін статистикалық өңдеу. Эмпирикалық математикалық модельдерді алуды бағалау әдістері, олардың сәйкестігін бағалау, қателік теориясының негіздері және көлік техникасын жобалау кезінде эксперименттік деректерді статистикалық өңдеу, әртүрлі математикалық әдістер мен компьютерлік технологияларды қолдана отырып эксперимент нәтижелерін өңдеу зерттеледі.	Магистратура пәндері	Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы, Қорыпнды аттестаттау, зерттеу практикасы
БП	ЖООК	Педагогикалық практика	300	10	2	ОН1, ОН2	Докторанттардың педагогикалық практикасының негізгі мазмұны: педагогикалық жоғары оқу орындарында және оқу-әдістемелік жұмысты негіздерін зерделеу; практикалық дағдылар мен машықтарды жоғарғы мектебінде Педагогикалық қойылатын еңбекке ынталандыру нығайтуға қызмет кәсіби-педагогикалық әзірлеу; таныстық докторанттар педагогикалық қызметінің ерекшелігіне және дағдылар қалыптастыру педагог функцияларын орындау; Шығармашылық тәсіл психологиялық-педагогикалық педагогика саласындағы білімін бекіту және сатып алуға ғылыми-педагогикалық шешімі міндеттер; психологиялық-педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыру.	Академиялық хат	Қорыпнды аттестаттау

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
КД	ЖООК	Зерттеу практикасы	300	10	3	ОН3, ОН4, ОН5	Зерттеу негізгі мақсаты жаңа теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерді практикалық дағдыларды бекіту қазіргі заманғы әдістерін қолдану практикасын зерделеу болып табылады докторант отандық және шетелдік ғылым, сондай-ақ ғылыми зерттеулер, эксперименттік деректерді өңдеу және зерделеу диссертационном зерттеуде.	Базалық пәндер (БП) циклі, Бейіндеуші пәндер циклі	ДҒЗЖ, Қорытынды аттестаттау
		Докторанттың ғылыми-зерттеу жұмысы (ДҒЗЖ)	3690	123	1,2,3, 4,5,6	ОН2, ОН4, ОН5	Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу нысандары докторлық бағдарламаның ерекшелігіне, докторлық диссертациялардың тақырыптарына байланысты нақтылануы және толықтырылуы мүмкін. Докторанттардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына мыналар кіреді: - ғылыми-зерттеу жұмысы; - көшпелі ғылыми іссапарлар (оның ішінде ғылыми конференциялар мен семинарларға қатысу, шетелдік ғылыми консультанттың базалық жоғары оқу орнында тағылымдамадан өту); - ғылыми жарияланымдар; - докторлық диссертация жазу.	Базалық пәндер (БП) циклі, Бейіндеуші пәндер циклі, Зерттеу практикасы	Қорытынды аттестаттау
		Қорытынды аттестаттау: Докторлық диссертацияны жазу және қорғау	360	12	6	ОН1- ОН5	Докторантты қорытынды аттестаттаудың мақсаты докторантураның білім беру бағдарламасын зерделеу аяқталғаннан кейін қол жеткізілген оқу нәтижелерін бағалау болып табылады.	Базалық пәндер (БП) циклі, Бейіндеуші пәндер циклі, ДҒЗЖ	
<b>Барлығы</b>			<b>5100</b>	<b>170</b>					

## 9. ТАҢДАУ БОЙЫНША КОМПОНЕНТІ ПӘНДЕРІНІҢ КАТАЛОГЫ

**БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ: 8D07159 – КӨЛІК, КӨЛІК ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ**

**Білім деңгейі: докторантура**

**Оқу мерзімі: 3 жыл**

**Қабылдау жылы: 2023 ж.**

Циклі	Компоненті	Пәннің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы		Семестр	Оқыту нәтижелері	Пәннің қысқаша сипаттамасы	Пререквизиттер	Постреквизиттер
			академиялық сағаттармен	академиялық кредиттермен					
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
